

Krumsvik R.A. Digital competence in Norwegian teacher education and schools // *Högre Utbildning*. – 2011. – № 1 (1). – P.39–51.

4. Goncharova N. Yu., Timoshenko A.I. Informacionno-kommunikacionnaya kompetentnost' pedagoga kak integrativnyj pokazatel' professionalizma v sovremennyh usloviyah [Elektronnyj resurs] // *Sibirskij pedagogicheskij zhurnal*. – 2009. – Rezhim dostupa: <https://cyberleninka.ru/article/n/informatsionno-kommunikatsionnaya-kompetentnost-pedagoga-kak-integrativnyy-pokazatel-professionalizma-v-sovremennyh-usloviyah> (data obrashcheniya: 22.11.2017).

5. Berman N.D. K voprosu o cifrovoj gramotnosti // *Sovremennye issledovaniya social'nyh problem*. – 2017. – Tom 8. – № 6–2. – S. 35–38.

6. Goryunova M.A., Lebedeva M.B., Toporovskij V.P. Cifrovaya gramotnost' i cifrovaya kompetentnost' pedagoga v sisteme srednego. professional'nogo obrazovaniya // *Chelovek i obrazovanie*. – SPb., 2019. – № 4 (61). – S. 84–91.

7. Kartukova A.A. Cifrovaya obrazovatel'naya sreda kak faktor professional'nogo razvitiya pedagoga // *Cifrovaya obrazovatel'naya sreda: novye kompetencii pedagoga: sbornik materialov uchastnikov konferencii. Sankt-Peterburg: Mezhdunarodnye obrazovatel'nye proekty*, 2019. – S. 8–11.

8. Amara S., Macedo J., Bendella F., Santos A. Group Formation in Mobile Computer Supported Collaborative Learning Contexts: A Systematic Literature Review // *Journal of Educational Technology & Society*. – 2016. – № 2. – P.258–273.

9. Al-Samarrate H., Saeed N. A systematic review of cloud computing tools for collaborative learning: Opportunities and challenges to the blended-learning environment // *Computers & Education*, No. 124, 2018, pp. 77–91.

10. Canals F., Ortoll E., Nordberg M. Collaboration Networks in Big Science: the Atlas Experiment at Cern // *El Profesional de la Información*, 25(5), 2017, pp. 961–971.

ГТАХР 14.35.07

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2024.83.3.017>

Д.Г.Хабиева,^{1*}  А.Е.Жумабаева¹ 

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫ АРҚЫЛЫ БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТЕРДІ КӘСІБИ ІС-ӘРЕКЕТКЕ ДАЯРЛАУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада болашақ педагогтерді кәсіби іс-әрекетке дайындауда білім беру ресурстарын пайдалана білуге даярлау мәселесі жан-жақты қарастырылып, талдау жасалды. Жылдам өзгеретін әлемде болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби іс-әрекетіне жалпы дайындығының белгілі-бір көрінісі ретінде білім беру ресурстарын пайдалануға дайындау өзекті мәселе екендігіне тоқталады.

Білім беру ресурстары – білім беру мазмұнын анықтайтын дидактикалық құндылығы бар материалдар. Білім беру ресурстарын қолдану педагогтерге оқытудың мазмұнын, әдістері мен ұйымдастырушылық формаларын сапалы өзгертуге мүмкіндік береді. Білім беру ресурстарының түрлеріне – оқулықтар мен оқу құралдары, онлайн курстар, мультимедиялық материалдар, веб-ресурстар, интерактивті оқу қосымшалары мен бағдарламалары, білім беру ойындары, арнайы құрал-жабдықтар, оларға зертханалық жабдықтар, белгілі бір пәндерді оқытуға қажетті техникалық құралдар мен жабдықтарды жатқызуға болады.

Мақала білім беру ресурстары бойынша қарастырылған зерттеулер, ғалымдардың еңбектері, осы сала бойынша жарияланған жазбалар, нормативтік құжаттар, әдістемелік нұсқаулықтарға сүйене отырып жазылды.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті мен М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы студенттерімен жүргізілген «Болашақ педагогтың білім беру ресурстары туралы танымы» атты сауалнама нәтижелері талданды. Зерттеу әдісі ретінде аналитикалық шолу және талдау қолданылды. Зерттеу нәтижелері бойынша білім алушылардың білім беру ресурстарына деген көзқарастары анықталды.

Түйін сөздер: білім беру ресурстары, онлайн курстар, мультимедиялық материалдар, веб-ресурстар, интерактивті оқу қосымшалары, білім беру ойындары.

Хабиева Д.Г.,^{1*} Жумабаева А.Е.¹

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г.Алматы, Казахстан

ВОЗМОЖНОСТИ ПОДГОТОВКИ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ К ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ НА ОСНОВЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ РЕСУРСОВ

Аннотация

В статье всесторонне рассмотрен и проанализирован проблема обучения будущих учителей использованию образовательных ресурсов при подготовке к профессиональной деятельности. В быстро меняющемся мире подчеркивается, что подготовка к использованию образовательных ресурсов как определенное проявление общей подготовки к профессиональной деятельности будущего учителя начальных классов является актуальной проблемой.

Образовательные ресурсы – это материалы, имеющие дидактическое значение, определяющие содержание образования. Использование образовательных ресурсов позволяет педагогам качественно изменить содержание, методы и организационные формы обучения. К видам образовательных ресурсов относятся учебники и учебные пособия, онлайн-курсы, мультимедийные материалы, веб-ресурсы, интерактивные образовательные приложения и программы, обучающие игры, специальное оборудование, в том числе лабораторное, технические средства и оборудование, необходимое для преподавания отдельных предметов.

Статья написана на основе исследований образовательных ресурсов, работ ученых, опубликованных в отечественных и зарубежных изданиях новостей по этой области, нормативных документов, методических рекомендаций для учителей в целом.

Проанализировано результаты анкетирования «Знания будущего учителя об образовательных ресурсах» проведенного студентами образовательной программы «Педагогика и методика начального обучения» Казахского национального педагогического университета имени Абая и Западно-Казахстанского университета имени М.Утемисова. Аналитический обзор и анализ использовались в качестве методов исследования. По результатам исследования было определено отношение студентов к образовательным ресурсам.

Ключевые слова: образовательные ресурсы, онлайн-курсы, мультимедийные материалы, веб-ресурсы, интерактивные образовательные приложения, обучающие игры.

Khabyeva D.,¹ Zhumabayeva A.¹

¹*Abai Kazakh National Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan*

OPPORTUNITIES FOR PREPARING FUTURE TEACHERS FOR PROFESSIONAL ACTIVITIES THROUGH EDUCATIONAL RESOURCES

Abstract

The article comprehensively examines and analyzes the problem of training future teachers to use educational resources in preparation for professional activity. In a rapidly changing world, it is emphasized that preparation for the use of educational resources as a certain manifestation of the general preparation for the professional activity of a future primary school teacher is an urgent problem.

Educational resources are materials that have didactic value and determine the content of education. The use of educational resources allows teachers to qualitatively change the content, methods and organizational forms of teaching. Types of educational resources include textbooks and teaching aids, online courses, multimedia materials, web resources, interactive educational applications and programs, educational games, special equipment, including laboratory equipment, technical means and equipment necessary for teaching individual subjects.

It is written on the basis of research into educational resources, works of scientists published in domestic and foreign news publications in this area, regulatory documents, and guidelines for teachers in general.

The results of the survey «Knowledge of a future teacher about educational resources» conducted by students of the educational program «Pedagogy and Methods of Primary Education» of the Kazakh National Pedagogical University named after Abay and West Kazakhstan University named after M.Utemisov were analyzed. Analytical review and analysis were used as research methods. Based on the results of the study, students' attitudes towards educational resources were determined.

Keywords: educational resources, online courses, multimedia materials, web resources, interactive educational applications, educational games.

Кіріспе. Болашақ педагогтерді кәсіби іс-әрекетке даярлау мәселесі көптеген ғалымдардың зерттеу нысанына айналған. Отандық ғылыми әдебиетте бұл мәселені жан-жақты қарастырған ғалымдардың еңбектері ерекше назар аударуға тұрарлық. Г.К.Нургалиева өз зерттеуінде тұлғаны құндылық бағдарлау жүйесіне мұғалімдерді даярлау мәселесін қарастырса [1], Х.Т.Шеръязданова педагогикалық іс-әрекет пен қарым-қатынастың субъектілік сипатына баса назар аударған [2]. Б.Т.Кенжебеков болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру жолдарын зерттеген [3].

Білім беру ресурстарын пайдалану арқылы болашақ педагогтерді даярлау мәселесі де ғалымдардың назарынан тыс қалмаған. М.Оспанбекова және әріптестері инновациялық технологияларға негізделген болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың рефлексиясын дамытуға дайындау мәселесін зерттеген [4]. Д.Р.Золотова цифрлық білім беру ресурстарының ұғымы мен жіктелуін қарастырса [5], Е.Г.Бодрова мен Л.Н.Дегтеренко қазіргі педагогтің кәсіби қызметіндегі цифрлық құралдар мен сервистердің рөлін зерттеген [6].

З.М.Мулдахметов пен А.М.Газалиев Қазақстандағы жоғары білім беруді цифрландыру мәселесін қарастырып, елімізде жоғары оқу орындарын цифрландыру үдерісінің жүзеге асу қарқынына сипаттама жасаған [7]. Олардың пікірінше, Қазақстанда бұл процесті белсенді енгізу үшін ең алдымен, білім беру ресурстарымен қамтамасыз ету қажет.

А.Е.Абилхасимова білім беру үдерісінде цифрлық білім беру ресурстарын қолдану мәселесін зерттеп, оларды пайдаланудың тиімді жолдарын ұсынған [8]. Ол цифрлық ресурстардың білім алушылардың оқу үлгерімін арттыруға және олардың оқуға деген қызығушылығын арттыруға ықпал ететінін атап өткен.

Шетелдік ғалымдардың еңбектері де назар аударуға тұрарлық. Мысалы, Дж.Тракслер мобильді оқытудың анықтамасын беріп, оның білім беру саласындағы маңыздылығын атап өткен [9].

Жалпы алғанда, әдебиеттерге жасалған шолу болашақ педагогтерді кәсіби іс-әрекетке даярлауда білім беру ресурстарын пайдаланудың маңыздылығын көрсетеді. Бұл мәселе әлі де терең зерттеуді қажет етеді, әсіресе жаңа технологиялардың қарқынды дамуы жағдайында.

Қоғам дамыған сайын болашақ педагогтерге қойылатын талаптар да күрделене түсуде. Жиырма жыл бұрын педагогтердің кәсіби іс-әрекетінде диагностикалық функция пайда болды, одан кейін зерттеуші-педагог талабы қойылды да, мұғалімнің шығармашылық белсенділік, новатор секілді қасиеттері бағаланды. Ал, бүгін заманауи педагогтен цифрлық технологияларды меңгерген, білім беру ресурстарымен сауатты жұмыс жасай алатын маманды күтеді.

Білім беру ресурстары – білім беру мазмұнын анықтайтын электрондық оқыту жүйесі компоненттерінің бірі болып табылады. Білім беру ресурстарының мазмұны толығымен Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты мен оқу-тәрбиелік міндеттерге сәйкес келуі тиіс. Олар пән бойынша типтік оқу бағдарламасына сәйкес нақты оқу тақырыбына арналған дидактикалық материалдар болып табылады. Сонымен қатар, оқу пәнінің белгілі-бір тақырыбы бойынша мультимедиялық түсіндіруді, интерактивтік тапсырмаларды және тестілік сұрақтарды қамтиды.

Болашақ бастауыш сынып педагогтерін жоғары оқу орындарында даярлау мәселесінің маңызды қырының бірі – білім беру ресурстарымен жұмыс жасай алу дағдысын тәжірибе барысындағы дайындық кезінде дәлелдей алуы. Болашақ бастауыш сынып педагогтерінің білім беру ресурстарын пайдалану барысындағы жұмысын ұйымдастыруы оқушының жеке тұлғалық қасиеттерін, пәнді игерудегі кең ауқымды дағдыларын, тілдік дағдыларын, өзіндік ой-пікірлерін қалыптастыру дағдыларын жүзеге асыруға толықтай мүмкіндік береді. Жоғары оқу орнында болашақ педагогтерді білім беру ресурстары арқылы кәсіби іс-әрекетке даярлауда алдымен алған теориялық білімімен оның тәжірибеде қолдану біліктілігі, кәсіби құзыреттілігінің басты бағыттарының бірі ретінде алға шығады деп тұжырымдаймыз.

Білім беру ресурстары білім алушыларға жаңа білімді игеруге, дағдыларды дамытуға және шығармашылық ойлауды ынталандыруға көмектесетін білім беру процестерінде шешуші рөл атқарады. Олар сонымен қатар педагогтерге қызықты және тиімді сабақ әзірлемелерін жасауға көмектеседі. Білім беру ресурстарын білім алушылар да, мұғалімдер де білім беру процесін жақсарту және нығайту үшін пайдаланады. Қазіргі сабақтарға қойылатын талаптар да жоғары, теориялық біліммен қарулану аздық етеді. Сондықтан бұл жағдайда педагогтың шеберлігі мен шығармашылығы жеткіліксіз болып келеді, сабаққа терең енуді имитациялайтын қосымша ресурстар қажет.

Негізгі ережелер. Болашақ педагогтерді кәсіби іс-әрекетке дайындауда білім беру ресурстарын пайдалану маңызды мәселе болып табылады. Бұл ресурстар оқыту мазмұнын, әдістері мен формаларын жақсартуға мүмкіндік беретін оқулықтар, онлайн курстар, мультимедиа, веб-ресурстар, интерактивті қосымшалар, білім беру ойындары және арнайы құрал-жабдықтарды қамтиды. Мақалада ғылыми зерттеулер, нормативтік құжаттар және әдістемелік нұсқаулықтар негізінде осы мәселе талқыланады. Екі жоғары оқу орнының студенттері арасында жүргізілген сауалнама нәтижесінде, болашақ мұғалімдердің білім беру ресурстарына деген көзқарастары анықталды. Зерттеу барысында аналитикалық шолу мен талдау әдістері қолданылып, білім алушылардың осы ресурстарға қатысты түсініктері мен пайдалану дағдылары зерделенді. Бұл зерттеу жұмысы болашақ педагогтерді заманауи білім беру ресурстарымен жұмыс істеуге дайындаудың маңыздылығын көрсетеді.

Материалдар мен әдістер. Білім беру ресурстарының түрлерін мыналар құрайды: оқулықтар мен оқу құралдары, онлайн курстар, мультимедиялық материалдар, веб-ресурстар, интерактивті оқу қосымшалары мен бағдарламалары, білім беру ойындары, арнайы құрал-жабдықтар, оларға зертханалық жабдықтар, белгілі бір пәндерді оқытуға қажетті техникалық құралдар мен жабдықтарды жатқызуға болады.

Оқулық – оқу бағдарламасы мен дидактиканың талаптарына, оқыту мақсатына сай оқу пәнінің мазмұнын ғылыми негізде, жүйелі баяндайтын кітап. Оқулық оқу орындарының типіне қарай (бастауыш, орта, кәсіптік-техникум, жоғары оқу орындары) жасалады. Негізгі оқу пәндерінің оқулықтарына қосымша хрестоматия, есеп жинақтары, жазбаша жаттығу кітаптары, анықтама, сөздік, оқу кітаптары, тарихи және географиялық карталар, т.б. қолданылады.

Оқу құралдары – 1. белгілі авторлық ұстаныммен бір оқу пәні бойынша ғылыми білімнің негізін баяндайтын кітап; 2. белгілі бір оқу пәндері бойынша әдістемелік материалдары, түсіндірмелері, кепілдемелері бар мұғалімдер мен оқушыларға арналған кітаптар; 3. оқу-тәрбие процесінде білім беру ретінде қолданылатын арнайы дайындалған табиғи заттар мен материалдар.

Онлайн курстар – бұл интернет арқылы білім алуға және үй тапсырмасын орындауға мүмкіндік беретін оқыту форматы. Әдетте, олар оқытушымен бірге жазылған бейне сабақтарды немесе тікелей эфирлерді, интерактивті тесттерді және кері байланысы бар жазбаша тәжірибелік тапсырмаларды қамтиды.

Мультимедиялық материалдар – бұл әртүрлі формада берілген ақпаратты біріктіруге мүмкіндік беретін және онымен интерактивті режимде жұмыс істеуге болатын компьютердің ақпараттық және программалық құралдар кешені.

Веб-ресурстар – жүйеде сақталатын виртуалды файлдар. Әр веб-ресурстың файлды шығарып алу үшін пайдаланылатын URL мекенжайында пайдалануға болатын бірегей атауы болады.

Интерактивті оқу қосымшалары мен бағдарламаларына – мынадай бағдарламаларды жатқызуға болады: Quizlet – электронды әдіс, оқушының білімін тексеруде, жаңа сөздер мен терминдер үйренуде, ережелерді еске сақтауда аталған әдісті қолдану оқушының есте сақтауын жақсартады. Kahoot – сервиз, ол арқылы көптеген тест тапсырмаларын сурет, видео қойып жасауға болады. Сервиз арқылы құрылған бір викторинаға жалпы саны 30-ға дейін

оқушы қатыса алады. Веб сервис оқушылардың әр тақырып бойынша білімін бекітуге, тексеруге мүмкіндік береді. Викторинаны жүргізу барысында оқушылар арасында байқау ұйымдастыруға болады. Құрылған тестті әлеуметтік желілер арқылы немесе электронды пошта арқылы сілтемесін жіберіп, басқа әріптестермен бөлісуге болады. Интерактивті жаттығулар жасау үшін көптеген бағдарламалар бар. Көптеген интернет-ресурстардың көмегімен интерактивті тапсырмалардың бүкіл жинағын жасауға болады. Бұл келесі сипаттағы тапсырмалар болуы мүмкін:

- ұғымдар мен анықтамалардың арақатынасы;
- жетіспейтін әріпті немесе сөзді енгізу;
- жұмбақтар, ребустар, басқатырғыштар;
- сөзді іздеу;
- бір немесе бірнеше дұрыс жауаптары бар викториналар;
- интерактивті ойындар;
- уақыт таспасының құрылысы және т.б.

Осы тапсырмалардың кез-келгені оқу сабағында таптырмас көмекші бола алады. Дайын шаблондар бойынша дидактикалық ойын құруға арналған қызметтерді, сөзжұмбақтар, ребустар мен жұмбақтар құруға және құруға арналған қызметтерді таңдап, пайдалануға болады. Оқытушылардың қызығушылығын жұмыс картасына мәтін, формулалар, белгішелер, суреттер мен бейнелерді енгізуге мүмкіндік беретін интерактивті тапсырмаларды құру құралдары қызықтырады [10].

Білім беру ойындары – балалардың миын жаттықтыруға және олардың денсаулығын жақсартуға пайдалы білім беру ойындарының қатарына математикалық ойындар, пазлдар, орфографиялық ойындар, танымдық ойындар, балаларға арналған білім беру ойын платформаларын атауға болады [10].

Білім беру ресурстарына қойылатын жалпы талаптар:

- оқулықтың мазмұнына, бекітілген нормативті актілерге сәйкестігі;
- оқытудың саралау және даралау деңгейлерінің мүмкіндігін қамтамасыз ету, олардың жас ерекшелігін ескеру;
- әдістемелік тұрғыдан мақсатқа сай болғанда ғана қолдану мүмкіндігі;
- жеке және топтық жұмысты пайдалануды қамтамасыз ету;
- оқытудың заманауи формаларына негізделіп, оқытуды интерактивтілік және мультимедиялық тұрғыдан қамтамасыз етуі.

Білім беру ресурстарын қолданыстағы оқулыққа, оқу-әдістемелік кешенге қосымша тараулардың болмауын, жалпыға қолжетімді анықтамалық, ғылыми-танымал, мәдени және т.б. ақпаратты қайталамауын, деректілігін тез жоғалтатын материалдарға негізделмеу керектігін ескеруіміз керек. Білім беру ресурстарының құрылымын оқытушы оқыту үдерісі кезінде қолдана алады: жаңа материалды түсіндірген кезде, материалды бекіту және меңгеру деңгейін бағалау кезінде, өз бетімен оқу, орындау және өзін-өзі бағалау кезінде. Бір сабақта барлық құрамдас бөлікті пайдалану міндетті емес: оқытушы білім беру ресурстарын пайдалануға жауапкершілікпен қарауы және оларды сабақтың нақты мақсатын, дидактикалық міндеттерін, аудиторияның дайындық деңгейін ескеріп қолдануы тиіс. Білім беру ресурстарын қолдану барысында оқытушы, сабақта уақытты үнемдеу, материал тереңдігін үйрету, жоғары мотивациялық оқыту, әртүрлі іс-әрекет түрлерін тарту: ойлау, пікірталас, талқылау, бір мезгілде аудио, видео, мультимедиялық материалдарды пайдалану мүмкіндігіне ие болады. Жоғары оқу орнының білім беру үдерісінде ресурстарды қолданудың өз артықшылықтары бар:

- оқу үдерісінде жеке тұлғаға бағытталған тәсілді қолдану;
- барлық әлеуметтік топтар үшін білім беру материалдарының қолжетімділігінің өсуі;
- студенттердің өзіндік шығармашылық қабілеттерін дамыту;

- ақпараттық қоғамның қазіргі тенденцияларын ескере отырып, студенттердің жеке қасиеттерін дамыту, оны болашақ кісібіне дайындау;
- бақылау және бағалау үрдістерін автоматтандыру;
- оқуға деген ынтаның өсуі т.б.

Білім беру ресурстарын қолдану педагогтарға оқытудың мазмұнын, әдістері мен ұйымдастырушылық формаларын сапалы өзгертуге мүмкіндік береді. Олай болса, білім беру ресурстарының басты міндеті – қосымша оқу материалдарын ұсыну, білім мазмұнын түсіндіруде жаңа мультимедиялық, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануға мүмкіндік беру, білім алушылардың назарын оқу тақырыптарының маңызды аспектісіне аудару, оны көрнекілік арқылы көрсетуге мүмкіндік туғызу, сабақтың мазмұнын өмірмен, қоғамның қажеттіліктерімен тығыз байланыстыруды қамтамасыз ету.

Осыған орай, біз бүгінгі мобильді ортаға ену кезеңінде білім алушыларды білім беру ресурстарының түрлерімен жете таныстырып, меңгерту маңызды деп сеніммен айта аламыз. Сол себепті білім беру ресурстарын оқу-тәрбие үдерісінде тиімді қолдана алу, болашақ педагогтердің білім беру ресурстарын пайдалану даярлығын қалыптастыру – бүгінгі күн талабынан туындап отырған өзекті мәселе.

Біздің зерттеуіміз негізінен болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетінде білім беру ресурстарымен жұмыс жасауға даярлау болғандықтан студенттер арасында онлайн Google формада сауалнама жүргізіп, зерттеуімізге байланысты ақпарат жинауды мақсат еттік.

Зерттеу барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің білім беру ресурстары туралы бастапқы түсініктері анықталды. Болашақ педагогтер – күнделікті өзгеріске ұшырап отырған цифрлы заманда әрбір жаңалыққа оң көзқараспен қарайтын жаңа буын. Сауалнама арқылы қажетті ақпараттар жинақталып, талданды.

Технологиялық прогрестің және жаңа білім беру ресурстарының пайда болуының нәтижесінде классикалық оқыту бірқатар маңызды өзгерістерге ұшырады, бұл университеттерде білім беру қызметін жаңартуға мүмкіндік берді. Мобильді бағытты таңдай отырып, оқытушы білім алушыларды баурап алуға және одан әрі оқуға ынталандыруға көбірек мүмкіндік алады, өйткені сандық оқыту технологиялары оқу іс-әрекетінің түрлерінде қолдануға болатын құрал болып табылады (түпнұсқалық Интернет материалдарын сабақ контекстіне, студенттердің өзіндік жұмысы, берілген тақырып аясында ақпаратты іздеу мақсатында, қашықтықтан оқыту кезінде) және ішкі мотивациясының пайда болуына қажетті алғышарттарды жасауда қолданылады. Болашақ педагогтердің дайындық деңгейіне бірден-бір жауап беретін жоғары мектеп оқытушысының да құзыретті маман дайындауда алар орны ерекше. Өйткені қазіргі қоғам үшін кәсіби қызметіне функционалды дайындығы ғана емес, жылдам өзгеретін әлемге тез бейімделе алатын жаңа формация педагогына қажеттілігінің басымдығы артуда.

Болашақ педагогтерді даярлаудың әртүрлі жақтарын дамытуға өз үлесін қосқан ғалымдар жоғары оқу орнының студенттеріне жүргізілетін сабақтардың әдістемелік, теориялық және тәжірибелік деңгейін өсірудің жолдарын, студенттердің жалпы педагогикалық дайындығының біртұтастығы мен жүйелілігіне қол жеткізудің шарттарын көрсетеді.

Болашақ педагогтерді кәсіби іс-әрекетке даярлау мәселесін отандық ғылыми әдебиетте зерттеп, тұлғаны құндылық бағдарлау жүйесіне мұғалімдерді даярлау Г.К.Нургалиева [1], педагогикалық іс-әрекет пен қарым-қатынастың субъектілік сипатын Х.Т.Шерьяданова [2], болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруды Б.Т.Кенжебеков [3] қарастырған.

Болашақ педагогтерді даярлаудың тиімділігі мен қолжетімділігін қамтамасыз етуде білім беру ресурстарымен жұмыс жасай алатын маман дайындау қажеттілігі туындап келеді. Отандық ғалымдар елімізде жоғары оқу орындарын цифрландыру үдерісінің жүзеге асу қарқынына сипаттама жасап, перспективалы ел болуға толық мүмкіндік бар деп тұжырымдайды.

Оны белсенді енгізу үшін ең алдымен, білім беру ресурстарымен қамтамасыз ету қажеттілігін баса көрсетеді, өйткені бұл процестің білім беру сапасына әсері білім алушыларға әлеммен, әсіресе заманауи технологиялармен нақты танысуға мүмкіндік береді [10].

Заманауи білім беру ресурстарын анықтайтын негізгі құбылыстарға дербес компьютер мен сандық құрылғылардың барлық түрлері жатады: ғаламтор, жасанды интеллект, виртуалды шындық технологиялары, чат-бот технологиясы, дәстүрлі байланыс құралдарының сандық форматтары (кітаптар, фотосуреттер, аудио және бейнежазбалар, сандық теледидар т.б.). Цифрлық дәуірде мәдениеттің ерекше түрін қалыптастыру мәселесі өзекті болып отыр.

Ғалымдардың саралауы бойынша, жоғары оқу орнында болашақ мұғалімдерді даярлауда білім беру ресурстарын меңгерту: әр түрлі ақпараттық, бейнелеу, дыбыстық анықтамалар арқылы білімді жетілдіруге, дамытуға; сараланған тапсырмаларды өз бетінше орындауға; кез-келген уақытта өз білімін жаңарту немесе одан әрі қайталау мүмкіндігіне; тақырыпқа терең қызығушылық пен үнемі іздеуге; өз ойын суреттер, фигуралар, кестелер және графикалық модельдер түрінде беруге; сілтемелер, оқу тапсырмалары бар түрлі бейнероликтерді көрсетуге; әр түрлі деңгейдегі тест тапсырмаларын орындау арқылы алған білімдерін тексеруге мүмкіндік береді [10].

Білім алушылардың оқу іс-әрекетін тиімді ұйымдастыруда мұғалімнің білім беру ресурстарын оңтайлы таңдауы үшін олардың жіктелуі туралы түсінік болуы керек. Жіктеу мәселелерімен көптеген ғалымдар айналысып жүр, олардың жалпыланған және жүйеленген нәтижелерімен Д.Р.Золотова [5], Е.Г.Бодрова, Л.Н.Дегтеренко [6] және т.б. жұмыстарында танысып, білім беру ресурстарын әртүрлі негіздер бойынша жіктеуге болатындығын көруге болады, мысалы:

- контент түрі бойынша (мәтіндік, көрнекі, мультимедиялық материалдар, аудио- бейне-материалдар, интерактивті модельдер);

- формат бойынша (веб-сайттар, виртуалды немесе кеңейтілген шындық түріндегі мобильді қосымшалар);

- пәндік сала бойынша (ресурстар математикаға, жаратылыстануға, тілдерге, информатикаға және басқа пәндерге бағытталуы мүмкін).

Мақалалар мен ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау негізінде білім беру ресурстары мен қызметтері білім алушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыруға және оларды төмендегідей бөліп көрсетуге болады:

1. Оқу материалдарының интерактивтілігі. Білім беру ресурстары интерактивті материалдарды интерактивті модельдер, тапсырмалар, кіріктірілген тесттер, эксперименттер жүргізу мүмкіндіктері және т.б. түрінде ұсынады, бұл студенттерге оқу материалымен белсенді өзара әрекеттесуге мүмкіндік береді. Бұл тәсіл оқытуды тартымды етеді және білім алушылардың материалды өз бетінше зерттеуіне ықпал етеді.

2. Жеке оқыту. Білім беру ресурстарын әр білім алушының жеке қажеттіліктеріне бейімдеуге болады. Адаптивті оқыту жүйелері әр студенттің білім деңгейі мен дағдыларын анықтай алады және тиісті мазмұн мен тапсырмаларды ұсына алады. Бұл студенттерге өз қарқынымен үйренуге, күрделі тақырыптарға көбірек уақыт бөлуге мүмкіндік береді.

3. Оқу материалдарының қолжетімділігі. Білім беру ресурстары кез-келген уақытта және интернет байланысы бар кез-келген жерден қолжетімді. Бұл білім алушылардың материалды үйде, оқу орнында немесе кез-келген басқа ыңғайлы жерде оқуға мүмкіндік береді. Олар сондай-ақ материалдарға оралып, қажет болған жағдайда оны қайталай алады. Бұл икемділік білім алушыларға оқуын өз бетінше жоспарлауға және өз кестесіне бейімделуге мүмкіндік береді.

4. Оқу материалдарының мультимедиялық сипаты. Білім беру ресурстары күрделі ұғымдар мен үдерістерді көрнекі түрде көрсету үшін бейнелер, анимациялар, диаграммалар, графиктер және т.б. сияқты мультимедиялық элементтерді пайдалана алады. Бұл білім

алушылардың ақпаратты жақсы түсінуіне және есте сақтауға көмектеседі. Материалмен өзара әрекеттесу мүмкіндігі, мысалы, модельдеу және виртуалды зертханалар арқылы студенттерге құбылыстарды өз бетінше тәжірибе жасауға және зерттеуге мүмкіндік береді.

5. Виртуалды ынтымақтастық және идеялармен бөлісу. Білім алушылар топтарда жұмыс істей алады, тапсырмаларды талқылай алады, форумдар, чаттар немесе құжаттарды бірлесіп өңдеу арқылы өз ойлары мен шешімдерімен бөлісе алады. Бұл ұжымдық оқытуды ынталандырады, білім алушылардың коммуникативтік және ынтымақтастық дағдыларын дамытады [7].

Білім алушылардың оқу қызметін сүйемелдеу үшін білім беру ресурстары мен сервистер мынадай мүмкіндіктер береді:

1. Жеке қолдау және кері байланыс. Тапсырмаларды автоматты түрде тексеру және талдау жүйелері студенттерге прогресс туралы жедел кері байланыс алуға және қателерді түзетуге мүмкіндік береді. Бұл студенттерге өздерінің күшті және әлсіз жақтарын жақсы түсінуге және көбірек назар аударуды қажет ететін аспектілерге назар аударуға көмектеседі.

2. Қосымша материалдар мен ресурстарға қол жеткізу. Білім беру ресурстары білім алушылардың белгілі-бір пәндік салада білімдері мен дағдыларын тереңдетуге көмектесетін қосымша материалдар мен ресурстардың кең таңдауын ұсынады. Бұл қосымша сабақтар, бейне сабақтар, интерактивті тапсырмалар немесе ақпарат көздеріне сілтемелер болуы мүмкін. Мұндай ресурстар білім алушыларға өз білімдерін кеңейтуге және оларды қызықтыратын тақырыптарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік береді.

3. Қарым-қатынас және ынтымақтастық мүмкіндігі. Форумдар, чаттар, веб-конференциялар немесе құжаттарды бірлесіп редакциялау платформалары білім алушыларға өзара қарым-қатынас жасауға және бірлесіп жұмыс істеуге мүмкіндік береді: идеялармен алмасу, сұрақтар қою, оқу материалдарын талқылау және жобалармен бірге жұмыс істеу.

4. Жетістіктерді бақылау және талдау. Оқытушылар мен студенттер өздерінің жетістіктерін бақылай алады, тапсырмалар мен тест нәтижелерін талдай алады, сандық ресурстардың қызметтерді қолдана отырып, олардың белсенділігі мен жетістіктері туралы статистика мен есептер ала алады. Бұл оқытушылар мен студенттерге өз жетістіктерін дәлірек бағалауға және дұрыс бағытта дамуға көмектеседі.

Біздің ойымызша, білім алушылардың оқу іс-әрекетінде білім беру ресурстары мен сервистерін қолдануға педагогикалық кадрларды даярлау мәселесі білім беру мекемелері мен мемлекеттік органдар тарапынан жүйелі қадағалауды талап етеді. Педагогтерді цифрлық құралдарды қолдануға үйрету үшін арнайы бағдарламалар мен курстар құру, сондай-ақ оларды жаңа технологияларды өз бетінше зерттеуге белсенді тарту маңызды. Сондай-ақ болашақ педагогтар үшін білім беру ресурстары мен сервистерінің құндылығы мен тиімділігін түсінуі үшін мотивациялық орта құру қажет. Сонымен қатар, педагогтерге оқу үдерісіне жаңа технологияларды енгізуді жандандырып, оларды білім алушылармен жұмыста сәтті қолдана алатындай тұрақты қолдау және әдістемелік көмек көрсету жүйесін ұйымдастыру маңызды. Әдебиеттерге шолу негізінде келесідей тұжырымдар жасаймыз:

Білім беру ресурстары дегеніміз – білім беру мазмұнын анықтайтын дидактикалық құндылығы бар материалдар.

Болашақ педагогтың білім беру ресурстарын пайдалануға дайындығы деп ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерін пайдалана отырып, көп пәнді көпфункционалды педагогикалық қызметі жағдайында білім беру ресурстарын пайдалануға оқу-тәрбие үдерісінің мақсаттары мен міндеттерін тиімді жүзеге асыруын сипаттайтын дағдылар жиынтығын айтамыз.

Нәтижелер мен талқылау. Зерттеу тақырыбымыз бойынша алынған талдаулар нәтижесі Алматы қаласындағы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті мен Орал қаласындағы М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің білім алушыларынан алынды. Білім беру ресурстарымен жұмыс жасау арқылы кәсіби іс-әрекетке даярлау

жағдайын анықтау мақсатында келесідей сауалнамалар алынды. Сауалнамаға 75 білім алушы қатысты.

Сауалнама қорытындылары сараптаудан өткеннен кейін болашақ педагогтерді кәсіби іс-әрекетке даярлауда білім беру ресурстарымен жұмыс жасай білуі қаншалықты маңызды екендігіне көз жеткізуге болады.

«Болашақ педагогтың білім беру ресурстары туралы танымы» атты сауалнама келесідей мәселелерді қамтыды:


1. Білім беру ресурстары дегеніміз не?
2. Білім беру ресурстарына нелер жатады?
3. Білім беру ресурстарының дәстүрлі оқу құралдарынан айырмашылығы?
4. Білім беру ресурстары оқытуда көрнекілік құралы бола ала ма?
5. Білім беру ресурстары білім алушылардың практикалық машықтарын дамыта ала ма?
6. Білім беру ресурстарының артықшылықтары қандай?

Сауалнаманың алғашқы «Білім беру ресурстары дегеніміз не?» деген сұрағына білім алушылардың 10,5% – оқулық, дидактикалық материалдар, 30,6% – сандық форматта білім алушыларға арналған бағдарламалар мен сайттар, 58,9% – сабақ кезінде қолданылатын қосымша құралдар деп жауап берді.



Сурет 1. 1 сұрақ бойынша көрсеткіштер

Сауалнаманың екінші сұрағы «Білім беру ресурстарына нелер жатады?» деген сұраққа 2-суретке сәйкес респонденттердің 11,8% бейне сабақтар, аудиожазбаларды жатқызатынын айтса, 23,9% онлайн сайт, онлайн курстар деп есептейтіндерін алға тартады, ал 64,3% оқулық, оқу-әдістемелік материалдар деген жауап алынды.



Сурет 2- 2 сұрақ бойынша көрсеткіштер

«Білім беру ресурстарының дәстүрлі оқу құралдарынан айырмашылығы?» деген сауалымызға 21,3% онлайн сабақ өткізуге тиімді, креативті, 25,4% керек ақпаратты ғаламтор желісінен тез таба алуға болады, 53,3% оқушының қызығушылығын арттырады деп есептейтінін білдірді. Ұсынылған 3-суретте графикалық бейнесі ұсынылды.



Сурет 3 – 3 – сұрақ бойынша көрсеткіштер

«Білім беру ресурстарының артықшылықтары қандай?» сұрағына білім алушылардың 12,4% сын тұрғысынан ойлауын дамытады деп ой түйген, 30,3% компьютердің көмегімен жылдам ақпарат алады, 57,3% сапалы, жан-жақты білім беретінін айтқан.



Сурет 4. 6 сұрақ бойынша көрсеткіштер

Сауалнамадағы «Білім беру ресурстары оқытуда көрнекілік құралы бола ала ма?» және «Білім беру ресурстары білім алушылардың практикалық машықтарын дамыта ала ма?» деген сауалдарға білім алушылардың барлығы оң көзқарас білдірген. Сауалнамаға жауап берушілердің басым бөлігі дәстүрлі форматтағы оқу түрін көп мысалға келтіргені анықталды, заманауи білім беру ресурстарын әлі де болса жеткілікті дәрежеде меңгермегендігін байқатты.

Аталған мәліметтерді зерделей келе, біз келесідей қорытынды жасадық: болашақ бастауыш сынып педагогтерінің білім беру ресурстары туралы көзқарастары жоғары, үйренуге деген құлшыныстары мол, алайда білім алушылар білім беру ресурстарына не кіретінін толық ажырата алмайды, ресурстармен жұмыс жасауға үйрету әдістемесі мен қолдану технологиясын меңгерту жақсы жолға қойылса деген қажеттіліктері бар екендігін анықтадық. Осыған орай, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің білім беру ресурстары туралы толық түсініктерін қалыптастыруды жүйелі түрде жұмыс жасауға үйрету біздің мақсатымыз.

Қорытынды. Болашақ бастауыш сынып педагогтерін кәсіби іс-әрекетке даярлауда білім беру ресурстарымен жұмыс жасай білу дағдыларын дамыту маңызды деуге толық негіз бар. Сауалнамада берілген жауаптарды қорытындылар болсақ, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің білім беру ресурстарымен жұмыс жасай білуі өзекті болып табылады.

Осылайша, білім беру ресурстары білім беру ұйымдарындағы оқу үдерісін жаңғыртудың тиімді де ұтымды құралы болып табылады. Білім беру ресурстарын қолдану арқылы болашақ педагог бойында түйінді, әрі пәндік құзыреттіліктерді қалыптастыруға болады. Біздің ойымызша, сипатталған қолдану әдістерін орындай отырып, оқу үдерісіне әр түрлі білім беру ресурстарының толық енуі оқытудың дәстүрлі әдістерімен білімдерін толықтырып, олардың жаңа қолданыстағы ақпараттық технологиялармен үйлесуіне мүмкіндік береді.

Білім беру ресурстарын жоғары оқу орындарында болашақ мамандарды кәсіби іс-әрекетке даярлау талдауы көрсеткендей, оқу үдерісінде және студенттер өзіндік жұмыстарын орындаған кезде білім алушылардың интеллектуалдық әрекетін ынталандырылуы, материалды игеру сапасын арттыруы, оқытуға деген қызығушылықты қалыптастыруы, студент тұлғасын дамытуы, оның болашақ кәсібіне жоғары әсер етуі мүмкін.

Түрлі білім беру ресурстары мұғалімді алмастыра алмайды, бірақ оқытушыға қосымша материалдарды ұсынады, яғни пәннің мазмұнын ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың жаңа мультимедиялық мүмкіндіктерімен толықтыруға, білім алушылардың назарын аса маңызды оқу тақырыптарына аударуға, оны көрнекі түрде көрсетуге, пәннің мазмұнын қоғамда болып жатқан өзгерістермен, өмірлік тәжірибелермен т.б. құбылыстармен байланыстыруын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Нурғалиева Г.К. *Психолого-педагогические основы системы ценностного ориентирования личности: дис. ... док. пед. наук.* – Алматы, 1993. – 315 б.
2. Шерязданова Х.Т. *Психологические основы профессиональной подготовки педагогов и психологов дошкольного образования: автореф. ... док. психол. наук.* – М., 1999. – 48 б.
3. Кенжебеков Б.Т. *Формирование профессиональной компетентности будущих специалистов в системе высшей школы: дис. ... док. пед. наук.* – 2005. – 267 б.
4. Ospanbekova M., Duisebekova A., Dauletova A., Bizhanova G., Kara A. *Training Prospective Elementary School Teachers for Developing Reflection in Pupils Based on Innovative Technologies // International Electronic Journal of Mathematics Education.* – 2016. – V. Lss.7.9. – P. 2137-2150.
5. Золотова Д.Р. *Цифровые образовательные ресурсы: понятие и классификация // Личностное и профессиональное развитие будущего специалиста: материалы XVIII Международной научно-практической Internet-конференции.* – Тамбов: Издательский дом «Державинский», 2022. – Б. 121-127.
6. Бодрова Е.Г., Дегтеренко Л.Н. *Цифровые инструменты и сервисы в профессиональной деятельности современного педагога // Современная высшая школа: инновационный аспект.* – 2021. – Т. 13, № 2 (52). – Б. 48-56.
7. Мулдахметов З.М., Газалиев А.М. *К вопросу цифровизации высшего образования в Казахстане // Человеческий капитал.* – 2023. – № 12(180) часть 2. – Б. 45-52.
8. Абылкасымова А.Е. *Цифрлы білім беру ресурстарын білім беру үдерісінде қолдану // Молодой ученый.* – 2020. – №14 (304). – Б. 292-295.
9. Traxler J. *Defining mobile learning // IADIS International Conference Mobile Learning.* – 2005. – P. 261-266.
10. *Resursov-v-uchebnom – сандық білім беру ресурстарының қолданылу әдістемесі; <http://nci.kz/ru/content/rukovodstva-polzovateley-cifrovyyh-obrazovatelnyhresursov-dlya-shkol-na-14>.*

References:

1. Nurgaliev G.K. *Psichologo-pedagogicheskie osnovy tsennostnogo orientirovaniia lichnosti: dis. ... dok. ped. nauk.* – Almaty, 1993. – 315 b.
2. Şeriazdanova X.T. *Psihologicheskie osnovy professionalnoi podgotovki pedagogov i psihologov doşkolnogo obrazovaniia: avtoref. ... dok. psihol.nauk.* – M., 1999. – 48 b.
3. Kenjebekov B.T. *Formirovanie professionalnoi kompetentnosti buduşih spetsialistov v sisteme vysşei şkoly: dis. ... dok. ped. nauk.* – 2005. – 267 b.
4. Ospanbekova M., Duisebekova A., Dauletova A., Bizhanova G., Kara A. *Training Prospective Elementary School Teachers for Developing Reflection in Pupils Based on Innovative Technologies // International Electronic Journal of Mathematics Education.* – 2016. – V. Lss.7.9. – P. 2137-2150.

5. Zolotova D.R. *TSifrovye obrazovatelnye resursy: poniatie i klassifikatsiia* // *Lichnostnoe i professionalnoe razvitie buduşego spetsialista: materialy HVIII Mejdunarodnoi nauchno-prakticheskoi Internet-konferentsii*. – Tambov: Izdatelskii dom «Derjavinskii», 2022. – В. 121-127.
6. Bodrova E.G., Degterenko L.N. *TSifrovye instrumenty i servisy v professionalnoi deiatelnosti sovremennogo pedagoga* // *Sovremennaiia vysshaia şkola: innovatsionnyi aspekt*. – 2021. – Т. 13, № 2 (52). – В. 48-56.
7. Muldahmetov Z.M., Gazaliev A.M. *K voprosu tsifrovizatsii vyssşego obrazovaniia v Kazahstane* // *She lovecheskii kapital*. – 2023. – № 12(180) chast 2. – В. 45-52.
8. Abilhasimova A.E. *TSifrly bilim beru resurstaryn bilim beru üderisinde qoldanu* // *Molodoi uchenyi*. – 2020. – №14 (304). – В. 292-295.
9. Traxler J. *Defining mobile learning*//*IADIS International Conference Mobile Learning*.-2005.- P.261-266.
10. *Resursov-v-uchebnom – sandyq bilim beru resurstarynyñ qoldanylu ädistemesi*; <http://nci.kz/ru/content/rukovodstva-polzovateley-cifrovyyh-obrazovatelnyh-resursov-dlya-shkol-na-14>.

МРНТИ 14.35.01.

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2024.83.3.018>

К.Т.Ыбыраимжанов,¹  С.А.Фейзулдаева,^{1*}  Ф.С.Баекеева² 

¹І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ., Қазақстан
²Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІ АРҚЫЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУДЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ-МАЗМҰНДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зерттеушілік құзыреттілігі арқылы шығармашылық қабілеттерін дамытудың құрылымдық-мазмұндық ерекшеліктері баяндалады. Құрылымдық-мазмұндық ерекшеліктер бірнеше кезеңдерден тұрады. Теориялық талдаулар бойынша «зерттеушілік құзыреттілік», «шығармашылық қабілеттер» ұғымдарының категориялық аппараты философиялық, психологиялық және педагогикалық аспектілерде түсіндіріледі. Негізгі ұғымдардың құрылымы мен мазмұны сипатталады. Теориялық талдауларды негізге ала отырып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зерттеу құзыреттілігі арқылы шығармашылық қабілеттерін дамытудың әдіснамалық маңызын құрайтын жүйелік тұғыр, зерттеушілік тұғыр, шығармашылық тұғыр, тұлғалық-бағдарлы тұғырлар, олардың атқаратын функциялары туралы айтылады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зерттеу құзыреттілігі арқылы шығармашылық қабілеттерін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі динамикалық байланыстағы мотивациялық, танымдық және тұлғалық-әлеуметтік, рефлексиялық компоненттер мен өлшемдер, көрсеткіштерден, жоғары, орта және төмен деңгейлер бойынша ашып түсіндіріледі. Шығармашылық қабілеттілік – стандартты емес мәселелердің шешімін табу, өзіндік өнімдерін жасау, өнімді ойлау және қиялдың жаңа белгілерін қалыптастырудағы қабілеттердің кешені деп нақтыланады.

Мақаланың эмпирикалық бөлімінде болашақ педагогтердің шығармашылық деңгейін анықтаудағы диагностикалық әдістері талданып негізге алынады. Авторлар тарапынан тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар жүргізіліп, 96 респондент қатысты. Зерттелушілерге 15 сұрақтық сауалнама жүргізіліп, оның диагностикалық нәтижелері беріледі. Қалыптастыру эксперименті бойынша «Тұлғаның зерттеушілік құзыреттілігі арқылы шығармашылық қабілеттерін дамытудың әдістемесі» атты элективті курс бағдарламасы мен оқу-тақырыптық жоспары ұсынылады. Қорытындыда негізгі тұжырымдар мен ғылыми-әдістемелік ұсыныстар айтылады.

Түйін сөздер: зерттеушілік құзыреттілік, шығармашылық қабілет, дербес қабілет, өнімді ойлау, тұлғалық-бағдарлы тұғыр.